

**2023 жылы 1 тоқсанда (қаңтар-наурыз) айларына арналған
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп - лицейі» КММ
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, 2023 жылдың 1-ші тоқсанында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 16.03.2023 жылғы №110 бұйрық негізінде, өткізу мерзімі 2023 жылы 16 наурыздан 31 наурыз аралығында жүргізілді.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ (бұдан әрі – №1 МЛ) жұмыс тобы құрамында: директор орынбасары К.М.Бертазина, бухгалтер К.С.Земба және кадрлар жөніндегі менеджер А.С.Дробышева №1 МЛ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Іс-қимыл жоспарының 34-тармағына (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы) (бұдан әрі-Тұжырымдама) сәйкес, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 16.01.2023 жылғы № 21 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің ережесіне сәйкес және «2023 жылғы 1 тоқсандағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 16.03.2023 жылғы № 110 мектеп бұйрығын орындау негізінде жүргізілді.

№1 МЛ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және №1 мектеп-лицейдің Жарғысын басшылыққа алады.

I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. №1 МЛ құрылымы мыналардан тұрады:

- 1) Әкімшілік;
- 2) Кадрлық жұмыстар және іс жүргізу;
- 3) Қаржылық бөлім (бухгалтерия (есеп бөлімі), мемлекеттік сатып алу);
- 4) Оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру;
- 5) Техникалық-шаруашылық бөлім.

2. Талдау жүргізу барысында №1 МЛ Жарғысы және білім беру ұйымының жұмысын реттейтін ішкі нормативтік құжаттар талқыланды, №1 МЛ қызметіне талдау жасау барысында нормативтік - құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларында сәйкессіздік болған жоқ.

II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау мектептегі персоналды басқару ҚР қолданыстағы заңнамасына: ҚР Еңбек кодексіне, «Білім туралы» ҚР Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына, сондай-ақ, өзге де заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті.

Талдау жүргізу кезінде мектеп қызметкерлерінің нақты саны 129 адамды құрайды, оның ішінде декреттік демалыста - 9 адам, техникалық қызметкерлер саны - 40 адам, оның ішінде декреттік демалыста - 2 адам,

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде біліктілікті арттыру курстары арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіледі.

Талдау жасау аралығында 8 қызметкер жұмыстан шықты: ҚР Еңбек кодексінің 49-бабының 5) тармағы бойынша 2 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды, ҚР Еңбек кодексінің 52-бабының 1) тармағы, 2) тармақшасы бойынша 6 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ.

Осылайша, 2023 жылғы қаңтар-наурыз аралығында таза ауысымдылық 3,6% құрайды.

2023 жылы қаңтар-наурыз айларында 6 қызметкер жұмысқа қабылданды. Жаңадан келген педагогтар мен қызметкерлерді қабылдау барысында №1 мектеп-лицейінің кадрлар қызметі жаңадан келген педагогтарда әкімшілік құқық бұзушылықтар, бұрын-соңды сотталу фактілерінің болуына тексеріс жүргізу мақсатында Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (ҚСЖАЕК) құқықтық жүйесіне сауал жолдайды

Қаңтар-наурыз айларында бос жұмыс орындары 2, өтінімдер «Еңбек» электрондық еңбек биржасында орналастырылған.

Талданып отырған кезеңде тәртіптік жаза қолданылған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабының талаптарын сақтау мақсатында лауазымды тұлғалар мен мектеп ұжымымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтау бойынша шаралар қабылданды.

Қорытынды: талданып отырған кезеңде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық мен қылмыстық іс-әрекет жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

2.2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

№1 МЛ қызметін зерделеу кезінде мүдделер қақтығысының болуына, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан босатылуына, сондай-ақ мектептің кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді. Даулы мүдделер анықталған жоқ.

Әкімшілікте жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен жұмыс фактілері жоқ.

2023 жылдың 1 тоқсанында қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің әрекеттеріне шағымдар түскен жоқ.

2.3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету

2023 жылы 5 қаңтардан 31 наурыз аралығында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп – лицейі» КММ 8 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына карамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» стандарт бойынша қызмет көрсетілген жоқ.

2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына карамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» стандарт бойынша қызмет көрсетілген жоқ.

3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына карамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» стандарт бойынша 7 адам жүгінді, оның ішінде 6 электронды форматта, 0 қағаз форматында қызмет көрсетілді, қызмет көрсетуші 1 бас тартты, қызмет алушы өтінішін қайтарып алды – 0.

3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына сәйкес «Денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім мекемелеріне ұзақ уақыт аралығында қатыса алмайтын балаларға үйде жеке тегін білім беруді ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» стандарты бойынша талданып отырған кезеңде -1 оқушы жүгінді және оған қызмет көрсетілді, бас тарту – 0.

4. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» стандарт бойынша 1 оқушыға қызмет көрсетілді; бас тарту - 0.

5. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына сәйкес «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» стандарты бойынша талданып отырған кезеңде: қызмет көрсету – 0, бас тарту – 0.

6. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы № 172 бұйрығына сәйкес «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телиұсқаларын беру» стандарт бойынша талданып отырған кезеңде: қызмет көрсету - 0, бас тарту - 0.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері

мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» стандарты бойынша талданып отырған кезеңде - 0 педагогқа қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы сенімсіз ақпарат қамтылған құжаттарды ұсынған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болдырмау үшін №1 МЛ мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты тұлғалар Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы, мемлекеттік қызметтер стандарттарының талаптарын сақтайды. Көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан арыздар мен шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу тіркелген жоқ.

2.4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп – лицейі» КММ жүзеге асырмайды, рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

2.5. Бақылау функцияларын іске асыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп – лицейі» КММ жүзеге асырмайды.

2.6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Бюджетті бекіту Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүргізеді. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ай сайын бюджет қаражатының игерілуіне бақылау жүргізеді. Бюджет қаражатын игеруде бұзушылықтар жоқ. №1 МЛ сайтында бюджет туралы арнайы бөлімнің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі және жыл сайын мектеп сайтында жаңартылады.

2.7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. 1 тоқсан ішінде барлығы 92 (тоқсан екі) шарт жасалды.

2.8. №1 МЛ ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де сұрақтар
№1 мектеп-лицейіне келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері. Азаматтардың өтініштері бойынша №1 МЛ жұмысы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі. Осы бағыт бойынша жұмыстың жай-күйіне талдау жүргізілді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың уақтылығы мен сапасын қамтамасыз ету, бақылауды арттыру, белгіленген мерзімдерді бұза отырып өтініштерді қарауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында оқу-тәрбие үрдісінің сұрақтары бойынша ауызша және жазбаша өтініш жасаған азаматтар саны – 0.

2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуына байланысты №1 МЛ басшылары мен

қызметкерлерінің жұмысына қатысты азаматтар тарапынан ауызша және жазбаша өтініштері түскен жоқ.

Өтініш Е - Өтініш-4.

Жеке тұлғалардан 26 өтініш түсті:

- балалардың мектепте оқуы туралы анықтама беру сұрақтары бойынша - 26;
- оқушыларды сыныптан сыныпқа ауыстыру-1.

Барлық сұраныстар бойынша уақытылы жауаптар берілді.

Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігерінің 25.08.2021 жылғы №36 қаулысының негізінде мектепте ұжым жұмысының алгоритмінің талаптары қатаң орындалады. Ағымдағы оқу жылының басында және ағымында мектеп барлық жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен, антисептикалық және зарарсыздандыру құралдармен толық қамтамасыз етілген. Қажетті құралдардың айлық қорының болуы тұрақты бақылауда.

Мектеп қызметіндегі жариялылық пен ашықтық деңгейі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 4-бабы 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі жариялылық және ашықтық қағидаты болып табылады. №1 МЛ осы бағытта мектеп-лицей сайтында, әлеуметтік желілерде, "Instagram (Инстаграм)", WhatsApp желісіндегі сыныптың ата-аналар топтарында, мектеп ғимарат қабырғасында болып жатқан өзекті ақпаратты уақытылы жариялау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Білім алушылардың құқықтарының сақталуына, сондай-ақ қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражаттарының жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын және оның мақсатты жұмсалыуы туралы шешім қабылдайтын Қамқоршылық кеңестің жұмысы және оны ұйымдастыру. Талдау жасалған аралықта демеушілерді тарту, көмек көрсету болған жоқ.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жоспарлы отырыстары тоқсанына 1 рет өткізіледі.

Ұсынымдар:


1. №1 мектеп-лицейінің педагог қызметкерлері мен техникалық қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау;
2. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, мектеп қызметкерлерімен, ата-аналар қауымдастығымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
3. Мектеп қызметіне арналған іс-шараларды уақтылы жариялауды, сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есептерді, мектеп сайтында және әлеуметтік парақшаларда сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша бейнероликтерді орналастыруды тұрақты бақылауда ұстау;
4. Кадрлар жөніндегі жауапты тұлға А.С.Дробышева Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (КСЖАЕК) құқықтық жүйесінде жаңадан келген педагогтарда әкімшілік құқық бұзушылықтар, бұрын-соңды сотталу фактілерінің болуына тексеріс жүргізуді жалғастыру;
5. Мектеп әкімшілігі мен қызметкерлеріне ақшалай қаражат жинауға, материалдық сыйақы, кез-келген бағалы сыйлықтарды немесе қызметтерді алуға жол бермеу.

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша: педагогтармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, педагогикалық әдепті сақтау сұрақтары бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

Жұмыс тобы:

директордың орынбасары
бухгалтер
кадрлар жөніндегі менеджер



К.М.Бертазина
К.С.Земба
А.С.Дробышева

Директор



С. Шарипова